ЖШС «Рабия» бобекжай балабақшасы

Педагогкалық кеңестің хаттамалары

2024-2025 оқу жылы

Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Рабия» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі: Абданбекова Л

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кеңес жоспары

Мақсаты: оқу – тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуды қарастыру.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№1кеңес Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының барысы» 1. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары,ұйымдастырылған оқу қызметі мен күн тәртіптерін талдап, бекіту. 2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмыстарының қорытындысы 3. Жаңа оқу жылына дайындық 4.«Ұжымның ынтымақтастығы» тренинг.	VIII	Меңгеруші:Абданбекова Л Әдіскер:Мырзабек А Тәрбиеші : Исакова В Мырзабек А Мырзабек А Шаполатова Э Хасанова А
2	№2кеңес Тақырыбы : «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін жүзеге асыру 1 Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативті-сөйлеу әрекетін қалыптастыру» 2. «Мектепке дейінгі баланың тілін дамытуда сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін қолдану» 3. «Музыкалық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы» 4. Басқару мен бақылау жұмыстарының тексеру қорытындысы 5. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.	X	Меңгеруші:Іскендірова А Тәрбиеші : Исакова В Мырзабек А Мырзабек А Шаполатова Э Хасанова А

Scanned with CamScanner

3	№3 кеңес Тақырыбы : «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың денсаулығын сақтау мен танымдық құзыреттілігін ұйымдастыру» 1 Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы. 2. Баяндама «Халықтық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» 3. Баяндама:«Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері» 4.«Оқу тәрбие үдерісінде ұлттық ойындарды қолдану» 5. Баяндама:»Жаңа технологиялар арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру» 6.Жарты жылдық мониторинг қорытынды 7.Пед кенес қорытындысы,шешім қабылдау.	XII	Меңгеруші: Іскендірова А Тәрбиеші: Исакова В Мырзабек А Мырзабек А Шаполатова Э Хасанова А
4	№4 кеңес Тақырыбы : «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың шығармашылық және әлеуметтік ортадағы құзыреттілігін ұйымдастыру» 1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы. 2. «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері» 3.Баяндама «Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін өзі үйрету дағдыларын қалыптастырудың әлеуметтік педагогикалық жағдайлары» 4.Басқару мен бақылау жұмыстарының тексеру қорытындысы.	III	Меңгеруші: Іскендірова А Тәрбиеші : Исакова В Мырзабек А Мырзабек А Шаполатова Э Хасанова А

Scanned with CamScanner

5	№5 кеңес Тақырыбы : «Бес білім беру саласын жаңарту» 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы. Меңгеруші қалағалауында болады. 2. Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзыреттілігі бойынша қорытынды мониторинг жүргізу.Әдіскер жауапты. 3. Дөңгелек үстел «Бақшада баланың математикалық түсінігін логикалық жолдармен қалыптастыру» 4. Баяндама: «Саусақ ойындары ойындары арқылы қолдың қозғалыс қабілетін және танымдық,сөздік қорларын дамыту» 5.Баяндама: «Баланың шығармашылық қабілетін бейнелеу өнері арқылы дамыту» 6.Педкеңес қорытындысы,шешім қабылдау	V	Меңгеруші: Іскендірова А Тәрбиеші : Исакова В Мырзабек А Мырзабек А Шаполатова Э Хасанова А

Scanned with CamScanner

ЖШС «Рабия» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес хаттамасы №1 31.08.2024ж

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 0

Қаралатын мәселелер :

1.2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспарын бекіту.

2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.

1- мәселе бойынша бала бақша әдіскері А.Мырзабек сөз алып,жаңа оқу жылының басталуымен әріптестерін құттықтап,шығармашылық табыс тілеп,оқу жылының жоспарымен таныстырып,бекітуге ұсынды.

2-мәселе бойынша меңгеруші Л. Абданбекова сөз алып,2024-2025 жаңа оқу жылына балабақшаға жақсы ремонт жүргізілгенін атап,соны тап-таза,тап-тұйнақтай етіп ұстауды тәрбиешілер мен тәрбиешінің көмекшілеріне баса ескертіп атап айтты.Әр топтың тәрбиешілеріне сұрақ қойып,қай топтың жаңа оқу жылына дайындығы қандай екенін және не керек,не жетіспейтінін анықтап,дайындығы жақсы топ жетекшілеріне рахмет айтып,табыс тіледі.

«Таңшуақ» кіші топ – 2 жастан,тәрбиешісі Мырзабек Ақтілек, көмекшісі Набиева Дилора

«Құлыншақ» ортаңғы топ – 3 жастан,тәрбиешісі Искакова Васила, көмекшісі Мадалиева З

«Звёздочка » ортаңғы орыс тобы – 3 жастан Шаполатов Э, көмекшісі Усманова Н

«Қарлығаш» ересек тобы - 4 жастан, тәрбиешісі Мырзабек А, көмекшісі Ибрагимова У.

«Солнышко» мектеп алдыдаярлық орыс тобы – 5жастан,тәрбиешісі Хасанова А, көмекшісі Полатова З.

Scanned with CamScanner

ЖШС «Рабия» бобекжай-балабақшасында болып өткен педагогикалық кеңестің

№1 хаттамасы

31 тамыз 2024жыл
Жалпы педагог саны: 6
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде

1. **2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары,ұйымдастырылған оқу қызметі мен күн тәртіптерін талдап, бекіту.**
2. **Жазғы сауықтыру –шынықтыру жұмыстарының қорытындысы.**
3. **«Жаңа оқу жылына дайындық» атты фронталды тексеру қорытындысы.**
4. **«Ұжымның ынтымақтастығы» тренинг.**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бақшаның меңгерушісі Л.Абданбекова сөз алып педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады.2024-2025 жылында тәрбиешілердің жалпы топтардың дайындығы біршама дұрыс екендігі айтылды.Топтардың тазалығы,күнделікті балалардың қатысуы қадағаланып отырғандығын және педагог мамандар өздеріне тиесілі құжаттарды біршама реттеп,балалармен жұмыс жасауға дайын екендігі айтылды .2022-2023 оқу жылындағы міндеттері «Денсаулық» білім салалары негізінде жүргізіледі.Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту,балаға интелектуалдық, эстетикалық тәрбие бере отырып,оларды жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру. Бақшаның оқу-тәрбие жұмыстары жылда жылдық жоспардағы мақсаттарды іске асырумен бағытталғандығы туралы айтып өтті. «Денсаулық» саласы бойынша балалардың қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру мақсатында жұмыстар, іс-шаралар ұйымдастыру бағытталатынын айтып өтті.Ұйымдастырылған оқу кестелері топтардың жас ерекшелігіне қарай құрылып, бір жылға арналған перспективті жоспарлар жасап, тақырыптарға байланысты сабақтар ойын түрінде өтіледі. Күн тәртібіне сай уақытылы таңғы жаттығулар, серуендер, вариативті оқу қызметтері өткізілің, балалармен жан-жақты шығармашылық жұмыстар жүргізілу керек екендігін меңгеруші Л.Абданбекова айтып өтті. Балабақшаның жылдық жоспары, ұйымдастырылған оқу кестелері, күн тәртібі бекітілді.

Екінші мәселе бойынша балалармен жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау, іс-шаралар есебін тәрбиешілер және музыка жетекшілері берді.

Тәрбиешілер жазғы мезгілге байланысты құрылған жоспардағы іс – шараларды дер кезінде өтілгендігі және өткізілгендігі туралы құжаттарды мерзімінде әдіскерге тапсырылып отырғандығы айтылды.

Жалпы балабақша меңгерушісі Л.Абданбекова жазғы сауықтыру мезгіліндегі атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлық деп бағалады.

Үшінші мәселе бойынша. Жаңа оқу жылына дайындығы жайында балабақша меңгерушісі Л.Абданбекова сөз алды. 2024-2025 оқу жылында тәрбиешілердің жалпы топтардың дайындығы біршама дұрыс екендігі айтылды. Топтардың тазалығы, күнделікті балалардың қатысуы қадағаланып отырғандығын және педагог мамандар өздеріне тиесілі құжаттарды біршама реттеп, балалармен жұмыс жасауға дайын екендігі айтылды.

Осы мәселе бойынша бақша әдіскері А.Мырзабек фронталды тексеру барысындағы ұсыныстарды жөндеу керектігін айтып өтті. Балаларды дамытушы дидактикалық ойындар, театр түрлерін, топтағы дамытушы ортаны толықтыру қажеттігін айтып өтті.

Кемшілігі айтылған топ тәрбиешілері бір ауыздан айтылған ұсыныста дер кезінде түзететіндігін айтты.

Төртінші мәселе педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылына дайындау мақсатында психологиялық тренингті балабақша психологы өткізді. Педагог қызметкерлермен көңіл – күйді көтеруге және адамды шабыттандыруға бағытталған бірнеше ойындар ойнатылды. Нәтижесінде бұл тренинг барлық қызметкерлерге жақсы көңіл күй сыйлай білді. Алдағы уақыттарда осындай іс- шаралар жалғасын табуды көпшілік ұсынды.

Scanned with CamScanner

Қаулы

1.Тәрбиешілердің оқу тәрбие жұмысын жоспарлауы, жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсынБалабақшаның жылдық жоспары ұйымдастырылған оқу кестелері бойынша жоспар түзіліп, бекітілген күн тәртібі бойынша жұмыстар жүргізілуі қадағаланысын.
2.Жазғы сау ықтыру мерзімінде атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Фронталды тексеру барысындағы кемшіліктер түзетілінқадағалансын
4.«Ұжымның ынтымақтастығы» тақырыбында өткізілген тренингтің өтілу барысы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы: **Л.Абданбекова**

Хатшы: **А.Мырзабек**

Scanned with CamScanner

«Рабия»бобекжай балабақшасында болып өткен педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

28 қаңтар 2024 жыл
Жалпы педагог саны: 6
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде

1.Баяндама «Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативті-сөйлеу әрекетін қалыптастыру» Шаяхметова Э
2. Баяндама «Мектепке дейінгі баланың тілін дамытуда сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін қолдану»
3. Баяндама «Музыкалық тәрбиенің бала өміріндегі маңызы»
4. Басқару мен бақылау жұмыстарының тексеру қорытындысы
5. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бақшаның меңгерушісі сөз алды. Бақшада оқу тәрбие процестері стандарт талаптарына сай жүргізіліп, ұйымдастырылған оқу қызметтер күн тәртібіне сай өтіліп, жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқандығын айта келе өткен кеңес қаулыларының орындалуын қанағаттанарлық деп бағалады.

Екінші мәселе «Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативті-сөйлеу әрекетін қалыптастыру» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Хасанова А баяндама оқыды. Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі –тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып табылады. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше екенін айтып өтті.

Үшінші мәселе «Мектепке дейінгі баланың тілін дамытуда сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін қолдану» тақырыбында бақшаның тәрбиешісі Мырзабек Ақтілек баяндама оқыды. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үдерісіне енгізудің бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл әрекет құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдер құру және әрекетті жабдықтау. Екіншіден, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгеріп, содан кейін ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдаланады. Үшіншіден, сабақты ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы өткізу ойынға оңай ұласады да, балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас пайда болатынын айтып өтті.

Төртінші мәселе мәселе бойынша фронталды бақылау болып өткені туралы әдіскер А.Мырзабек айтып өтті.Фронталды тексеру барысында кемшілік бар топтарға кемшілігін түзеуді ескертті.

Қаулы

1. «Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативті-сөйлеу әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы тәрбиеші А.Хасанова оқыған баяндамасы қанағаттанарлық.
2. «Мектепке дейінгі баланың тілін дамытуда сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін қолдану» тақырыбындағы бақшаның тәрбиешісі А.Мырзабек оқыған баяндамасы қанағаттанарлық.
3.Басқару мен бақылау жұмыстарының тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы: **Абданбекова Л.**
Хатшы: **Мырзабек А.**

Scanned with CamScanner

«Рабия» бөбекжай балабақшасында болып өткен педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

23 желтоқсан 2024 жыл
Жалпы педагог саны: 6
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың денсаулығын сақтау мен танымдық құзыреттілігін ұйымдастыру»

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы. Меңгеруші жауапты
2. Баяндама «Халықтық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру» Тәрбиеші: Хасанова А
3. Баяндама:«Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері»тәрбиеші Мырзабек А.
4. «Оқу тәрбие үдерісінде ұлттық ойындарды қолдану»тәрбиеші Мырзабек А
5. Баяндама:»Жаңа технологиялар арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру» Искакова В.
6. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы.Әдіскер жауапты
7. Пед кеңес қорытындысы,шешім қабылдау.Әдіскер жауапты

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгеруші сөз алды. Балабақшада оқу тәрбие процестері стандарт талаптарына сай жүргізіліп, ұйымдастырылған оқу қызметтер күн тәртібіне сай өтіліп, жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқандығын айта келе өткен кеңес қаулыларының орындалуын қанағаттанарлық деп бағалады.

2. «Баяндама «Халықтық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру»тәрбиеші: Хасанова А
Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып,халықтық ойындар арқылы денсаулық мәдениетің,баланың танымдық қабілеттерін дамыту керек екендігін баяндады.

3. Баяндама:«Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері»тәрбиеші Мырзабек А.

4. Баяндама:»Жаңа технологиялар арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыру» Искакова В, оқыды. Баламен жаңа технологиялар арқылы тұлғаның физикалық қасиеттерін қалыптастыруда жұмыс жүргізудің бірнеше тәсілдерін айтып өтті.

5. Жарты жылдық мониторинг қорытындысын балабақша әдіскері айтып өтті. Жалпы 2024-2025 оқу жылында балабақшада 110 бүлдіршін тәрбиеленген. Балалардың білім деңгейін анықтауда бастапқы кезең бойынша

Показатели:результатов мониторинга стартового контроля по отслеживанию развития умений и навыков детей в соответствии их возраста в дошкольной организации 20 қыркүйек 2023-2024

Названия	Всего детей	Кол-во детей с 2 лет	в них детей с высоким и средним уровнями умений и навыков	% уровня усвоения программы	Кол-во детей с 3 лет	в них детей с высоким и средним уровнями умений и навыков	% уровня усвоения программы	Кол-во детей с 4 лет	в них детей с высоким и средним уровнями умений и навыков	% уровня усвоения программы	Кол-во детей с 5 лет	в них детей с высоким и средним уровнями умений и навыков	% уровня усвоения программы
Рабия б/б	110	12	0	0	48	0	76,3	25	18	52,6	25	20	66,7
Всего	**110**	**0**	**0**	**0**	**60**	**0**	**76,3**	**25**	**18**	**52,6**	**25**	**20**	**66,7**

Scanned with CamScanner

жоғарғы деңгей 1% пайызды құрайды. Балалардың білім деңгейін анықтауда аралық кезең бойынша төменгі деңгей бойынша 33%, ортаңғы деңгей 51%, жоғарғы деңгей 16% пайызды құрайды. Жалпы бес білім саласы бойынша балалардың білім деңгейі анықталып, төменгі көрсеткіш көрсеткен балалармен жұмыстар жүргізілу керек екендігін айтып өтті.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Баяндама «Халықтық ойындар арқылы білім беру процесіне қатысушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру»тәрбиеші: Хасанова А оқыған баяндамасы қанағаттанарлық.
3. Баяндама:«Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мен сауықтырудың жаңа тәсілдері»тәрбиеші Шаполатова Э. оқыған баяндамасы қанағаттанарлық
4.«Оқу тәрбие үдерісінде ұлттық ойындарды қолдану»тәрбиеші Мырзабек А оқыған баяндамасы қанағаттанарлық.
5. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық. Төменгі көрсеткіш көрсеткен балалармен жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: **Л.Абданбекова**

Хатшы: **А.Мырзабек**

Scanned with CamScanner

«Рабия» бөбекжай балабақшасында болып өткен педагогикалық кеңестің

№4 хаттамасы

24 ақпан 2024 жыл
Жалпы педагог саны: 6
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекемеде балалардың шығармашылық және әлеуметтік ортадағы құзыреттілігін ұйымдастыру»

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
   Меңгеруші қадағалауында болады
2. Дөңгелек үстел: «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері» Хасанова А

3.Баяндама «Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін өзі үйрету дағдыларын қалыптастырудың әлеуметтік педагогикалық жағдайлары» тәрбиеші Искакова В.
4.Басқару мен бақылау жұмыстарының тексеру қорытындысы.Әдіскер жауапты

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгеруші сөз алды. Балабақшада оқу тәрбие процестері стандарт талаптарына сай жүргізіліп, ұйымдастырылған оқу қызметтер күн тәртібіне сай өтіліп, жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатқандығын айта келе өткен кеңес қаулыларының орындалуын қанағаттанарлық деп бағалады.

Екінші мәселе Дөңгелек үстел: «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері» Хасанова А баяндама оқыды. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай бағдарламаны меңгеруі, олардың қабылдау қабілеттеріне тоқталып өтті. Баламен мәдени тұрғыда сөйлесіп, еркін адамдамен қарым – қатынас жасауына сөйлесу арқылы ықпал жасау қажет екені соның дәлелі ретінде суреттер мен жұмыс жүргізу, өлең шығармаларды жатқа айту, диолог ретінде баламен сөйлесу т.б қарым қатынас түрін жасаса баланың дамуына көп ықпалын жасайтындығы айтылды.
Төртінші мәселе Баяндама «Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін өзі үйрету дағдыларын қалыптастырудың әлеуметтік педагогикалық жағдайлары»тәрбиеші Мырзабек А

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Дөңгелек үстел: «Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде жұмыстың жаңа озық әдістері»тақырыбында тәрбиеші Хасанова А оқыған баяндамасы қанағаттанарлық.
3. Баяндама«Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін өзі үйрету дағдыларын қалыптастырудың әлеуметтік педагогикалық жағдайлары»тәрбиеші Мырзабек А баяндамасы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрайымы: **Л.Абданбекова**

Хатшы: **А.Мырзабек**

Scanned with CamScanner

«Рабиға» бөбекжай балабақшасында болып өткен педагогикалық кеңестің

№5 хаттамасы

26 мамыр 2025 жыл
Жалпы педагог саны: 6
Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Бес білім беру саласын жандарту»

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы.
Меңгеруші қадағалауында болады.
2. Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзыреттілігі бойынша қорытынды мониторинг жүргізу.Әдіскер жауапты.
3. Дөңгелек үстел «Бақшада баланың математикалық түсінігін логикалық жолдармен қалыптастыру» тәрбиеші Шаполатова Э
4. Баяндама: «Саусақ ойындары ойындары арқылы қолдың қозғалыс қабілетін және танымдық,сөздік қорларын дамыту»тәрбиеші
Мырзабек А
5.Баяндама: «Баланың шығармашылық қабілетін бейнелеу өнері арқылы дамыту»тәрбиеші
Хасанова А
6.Педкеңес қорытындысы,шешім қабылдау.

Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөніңде балабақша меңгерушісі сөз алды. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, келіп түсіп жатқан құжаттарға дер кезінде тиісті орындарға мәліметтер өткізіліп жұмыстар жүргізіліп, педагогтар жоспарлы жұмыстарын атқарып жатқандығы айтылды. Жалпы өткен кеңес қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп айтып өтті.

Екінші мәселе бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзыреттілігі бойынша қорытынды мониторинг жүргізу.Әдіскер бес сала бойынша,бес топтың қорытынды мониторингімен таныстырып,тоқталып атап өтті. Әдіскер жыл басынан бастап қыркүйек айында бастапқы кезең, қаңтарда аралық, мамыр айында қорытынды кезең бойынша балалардың білім деңгейлері анықталып, нәтижесін айтып өтті. Бастапқы кезең бойынша балабақшада қыркүйек айында 110 бала тәрбиеленіп, I – деңгей бойынша 74 пайыз, II – деңгей бойынша 25 пайыз, III – деңгей бойынша – 1пайызды құраған, қаңтар айында 110 бүлдіршін тәрбиеленген аралық кезең бойынша I – деңгей бойынша 33 пайыз, II – деңгей бойынша 51 пайыз, III – деңгей бойынша – 16 пайызды құрады, мамыр айында 110 бүлдіршін тәрбиеленген қорытынды кезең бойынша I – деңгей бойынша 6 пайыз, II – деңгей бойынша 47 пайыз, III – деңгей бойынша – 47 пайызды құрап балалардың жыл бойғы алған білімдерінің көрсеткіштерін айтып өтті.

Үшінші мәселе «Бақшада баланың математикалық түсінігін логикалық жолдармен қалыптастыру» атты баяндама оқып,Дөңгелек үстелде тәрбиеші Шаполатова Э таныстыра отырып, әріптестер арасында тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізілуін атап өтті.

Төртінші мәселе «Саусақ ойындары ойындары арқылы қолдың қозғалыс қабілетін және танымдық,сөздік қорларын дамыту»тақырыпта тәрбиеші Мырзабек А баяндама оқып,саусақ ойындары арқылы сөздік қорлар мен танымдық қабілеттерін дамыту жолдарын атап айтып өтті.

Бесінші мәселе : «Баланың шығармашылық қабілетін бейнелеу өнері арқылы дамыту» тәрбиеші Хасанова А баяндамасын оқыды,бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарымен таныстырды.

Scanned with CamScanner

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2 Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзыреттілігі бойынша қорытынды мониторинг жүргізу.Әдіскер қанағаттанарлық деп танылсын.
3.«Балада баланың математикалық түсінігін логикалық жолдармен қалыптастыру» атты Шаюлтаова Э баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
4. «Саусақ ойындары ойындары арқылы қолдың қозғалыс қабілетін және танымдық,сөздік қорларын дамыту»тақырыпта тәрбиеші Мырзабек А баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
5.«Баланың шығармашылық қабілетін бейнелеу өнері арқылы дамыту»тәрбиеші Хасанова А баяндамасы қанағаттанарлық

Жиналыс торайымы: **Л.Абданбекова**
Хатшы: **А.Мырзабек**

Scanned with CamScanner

Нөмірленген, тігілген және мөрмен бекітілген осы журналда

12 (он екі) парақ

Балабақша меңгерушісі «Рабня»



Scanned with CamScanner